

«Бекітемін»

ҚР БҒМ вице-министрі

Суханбердиева Э.А.

2017 ж.



Орта білімнің оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша математика пәніне арналған тест спецификациясы

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім берудің оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: жалпы білім беретін орта мектептердің 4 сынып оқушыларының математика пәні бойынша дайындық деңгейлерін анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгей – 7 тапсырма, екінші деңгей – 5 тапсырма, үшінші деңгей – 3 тапсырма.

Математика пәні бойынша тест бастауыш білім берудің оқу бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Арифметика	01	Көп таңбалы сандардың нумерациясы	01	Көп таңбалы сандарды оқу және жазу. Разрядтық қосылғыштар
				02	Көп таңбалы сандарды қосу және азайту. Теңдіктер және теңсіздіктер
				03	Көп таңбалы сандарды көбейту және бөлу. Жақшасыз (жақшамен) берілген өрнектердегі амалдардың орындау реті
02	Алгебра элементтері	01	Теңдеулер	01	Теңдеу шешу
		02	Өрнектер	01	Әріпті өрнектер
		03	Шамалар және олардың өлшем бірліктері	01	Массаның, уақыттың, ұзындықтың, ауданның көлемнің, өлшем бірліктері
		04	Есептер	01	Қозғалысқа берілген есептер (қарама-қарсы қозғалыс, қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс)
				02	Бір бағыттағы артынан қуып жету және қалып қою қозғалысына берілген есептер
				03	Шамалар арасындағы тәуелділікке, бірігіп атқарылған, егіннің түсімділігі берілген есептерді шығару
				04	Екі айырма бойынша белгісізді табуға берілген есептерді шығару. Пропорционал бөлуге берілген есептер
				05	Тура және жанама түрде есептерді салыстыру. 2-4 амалдардан тұратын есептерді шығару. Бірнеше (бірнеше есе) бірлікке арттыруға (кемітуге) арналған есептерді шығару

03	Геометрия элементтері	01	Периметр. Аудан Көлем	01	Көпбұрыштың периметрі және тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы, тіктөртбұрышты параллелепипедтің көлемі. Шеңбер, дөңгелек
				02	Геометриалық фигуралар
04	Логика және комбинаторика элементтері	01	Логикалық және комбинаторика элементтері бар есептер	01	Логикалық және комбинаторикалық есептер

3. Тест жоспары:

Арифметика – 6 тапсырма

Алгебра элементтері – 6 тапсырма

Геометрия элементтері – 2 тапсырма

Логика және комбинаторика элементтері – 1 тапсырма

4. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Пәндік нәтижелер. 4-сыныптың соңында оқушылар:

- мәтінді есептің құрылымын;
- өрнектердегі арифметикалық амалдарды орындау ретінің ережелерін;
- арифметикалық амалдар компоненттерінің атауларын;
- қосу мен көбейтудің аустырымдылық және терімділік қасиеттерін, қосу мен азайтуға байланысты көбейтудің үлестірімділік қасиетін;
- сандарды еселік және айырымдылық салыстыру ережелерін;
- арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережелерін;
- шамалардың бірліктерінің белгілеулерін;
- ұзындық, масса, уақыт, көлем бірліктерінің арасындағы байланыстарды;
- тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы мен периметрін есептеу ережелерін, тіктөртбұрышты параллелепипедтің (текшенің) көлемін;
- шамалар (жылдамдық, арақашықтық (жүрілген жолдың ұзындығы), уақыт, өнімділік, жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс; егіннің түсімділігі, ауданы және массасы) арасындағы тәуелділіктерді білуі қажет.

5. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тесттің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тесттің толық орындалу уақыты – 30 минут.

6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін тестіленуші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған жағдайда 15 балл алады.

ҰТО директоры



Р. Әлімқұлов